

28 сәуір – 25 мамыр, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE Басқарма төрағасының орынбасары болып Гришко М.В. [сайланды](#)
- KASE 2025 жылғы мамырға өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші класындағы бағалы қағаздардың тізімдерін [қалыптастырды](#).
- KASE ресми тізіміне "Қазақстан электролиз зауыты" АҚ-тың [KZ2C00013753](#) (KASAb1), [KZ2P00013857](#) (MFLGb15) және "GoldFinMarket" ломбарды" ЖШС [KZ2P00013865](#) (MFLGb16) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты "Қазақстан даму банкі" АҚ-тың [KZ2C00009405](#) (BRKZb30) облигациялары, "ҚазАгроФинанс" АҚ-тың [KZ2C00008597](#) (KAFIpp2) және [KZ2C00009116](#) (KAFIpp3) облигациялары және АҚШ Қаржы министрлігінің [US91282CGX39](#) (US_98_2504) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- Мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органының [KZSJ00000135](#) (SHK024_013) облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- KASE-де "Fincraft Group" ЖШС-ның [KZ2P00013568](#) (NCOMb6) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-тың [XS2472852610](#), [US48129VAA44](#) (BRKZe13) және Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS2708176610](#) (EBRDe20) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық қайта жанданды.
- "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС-ның [KZ2P00011638](#) (MFSCb5) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық режиміне көшірілді.
- NGDEM Global Limited жеке компаниясы KASE-де шетелдік валютамен сауда-саттыққа қатысуға [жіберілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012045 (KFUSb78) облигацияларын орналастырып, 4,8 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012409 (KFUSb92) екіжылдық облигацияларын орналастырып, 5,6 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Эйр Астана" АҚ 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ ұлттық автомобиль жолдарын жаңғыртуға қосқан үлесі үшін ADFIAP премиясын [алды](#).
- "Қазақстан даму банкі" АҚ 2024 жыл үшін жай акциялар бойынша дивиденд [төледі](#).
- "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ 2024 жыл үшін жай акциялар бойынша дивиденд [төледі](#).
- "Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС 2024 жылғы қызметінің қорытындысын [хабарлады](#).
- "Nalyk Finance" АҚ өтеуге түпкілікті кірістілік және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ долларлық еурооблигацияларын орналастыруға қатысуға өтінім қабылдаудың аяқталғаны туралы [хабарлады](#).

02.05.2025	Трендтер (%)		
KASE Индексі	5 640,44	-0,2	-1,0
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Microsoft Corporation	433,99	11,6	13,3
Advanced Micro Devices, Inc.	97,77	5,1	4,0
Pfizer Inc.	24,30	5,1	4,0
Tesla, Inc.	282,03	4,4	2,6
Bank of America Corporation	40,68	3,5	2,4
NVIDIA Corp.	111,61	3,3	1,5
Intel Corporation	20,64	3,1	7,3
PayPal Holdings Inc.	66,35	2,6	0,3
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	15 065,00	2,2	1,4
AT&T Inc.	27,64	1,6	3,3
АО "КазТрансОйл"	829,18	1,5	3,1
АО Kaspi.kz	46 741,00	1,4	2,0
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	17 639,87	0,8	1,0
АО "Эйр Астана"	721,98	0,8	4,5
АО "KEGOC"	1 483,00	0,7	-
Apple Inc.	206,00	- 0,8	- 8,0
АО "KM GOLD"	69,28	- 1,0	- 7,6
АО "Кселл"	3 323,00	- 1,0	- 2,3
Freedom Holding Corp.	137,50	- 1,1	0,5
АО "Казакхтелеком"	50 505,01	- 1,1	4,1
АО "Банк ЦентрКредит"	2 898,97	- 1,2	3,7
АО "ForteBank"	7,13	- 1,5	9,1
АО "Народный Банк Казахстана"	290,90	- 4,0	- 7,3

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Жергілікті нарықта KASE индексінің төмендеуі жалғасты. Индекс 5 634 тармаққа дейін төмендеді.

"Эйр Астана" ұлттық тасымалдаушысы 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін жариялады. Жалпы түсімі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 10% өсіп, 292 миллион долларға жетті. EBITDAR көрсеткіші 37% өсіп, 59,9 млн АҚШ долларына жетті. Тоқсан ішінде жолаушылар тасымалы 7% өсіп, 2 млн адамды құрады. Орташа жүктеме коэффициенті 82%-ға дейін өсті. Әуекомпания акциялары бір аптада 1% өсті.

"KEGOC" АҚ компанияның 2024 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекітті. Бекітілген шешімге сәйкес, компанияның 2024 жылғы таза табысының 22 млрд теңгесі бұрын төленген аралық дивидендті есепке ала отырып, дивиденд төлеуге бағытталады. Қалған 14 млрд теңге компанияның одан әрі дамуын қаржыландыру үшін компанияда қалады. 2024 жылдың екінші жартыжылдығындағы түпкілікті дивидендтің мөлшері бір жай акция үшін 81 теңгені құрады. Компанияның акциялары өз құнына 1% қосты.

Kaspi.kz еншілес ұйымы Kaspi Bank акционерлердің жылдық жалпы жиналысының жай және артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешімін жариялады. Дивиденд мөлшері бір акция үшін 2000 теңгені құрайды. Дивиденд төлеу 2025 жылғы 28 сәуірде басталды. Kaspi.kz акциялары бір аптада 1% өсті.


Қазақстан Халық банкінің акциялары бір аптада нарықтық құнының 4%-ын жоғалтты. Жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу бағдарламасы аясында Банк 22 сәуірде 16 мың АҚШ доллары сомасына 741 мың меншікті бағалы қағазын сатып алды.

KASE индексінің телекоммуникация секторындағы компаниялар акционерлердің жылдық жиналысын шақыратыны туралы хабарлады. Қазақтелеком жиналысты 15 мамырға белгіледі. Сондай-ақ Kcell 27 мамырда акционерлердің жылдық жиналысын өткізетінін хабарлады. Соңғы аптада Қазақтелеком акциялары 1% арзандаса, Kcell акциялары 4% құнсызданды.

KASE Индексінің акциялары




Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






Ақша нарығында біркүндік репо тарту мөлшерлемесі төмендеп, апта қорытындысы бойынша жылдық 15,64% құрады. Біркүндік валюта свопы операцияларының бір аптада АҚШ долларымен кірістілігі жылдық 12,35%-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Сәуір айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,6% әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 512,48 теңгеге жетті. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 243 млн АҚШ долларынан 246 млн АҚШ долларына дейін артты. Жалпы сауда көлемі 5,4 млрд АҚШ долларын құрады.

Сәуірде Ұлттық қордан валюта сату 968 миллион АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 18%-ын немесе күніне шамамен 44 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферт бөлуге берілген алдын ала өтінімдері бойынша сәуір айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 950-1050 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатады деп күтілуде.

Айналау операциялары аясында сәуір айында 213 млрд теңге зарарсыздандырылды. Мамыр айында осы мақсатта 213 млрд теңгеге балама валюта сатылады деп күтілуде.


Ұлттық Банк наурызда валюталық интервенция жүргізбеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату бойынша норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі 308 млн АҚШ долларын құрады.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында сәуірде биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асырды, олардың жалпы сомасы 250 млн АҚШ долларын немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінің шамамен 5%-ын құрады.

Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)




	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2024, %
--	--------	---------	----------	-----------

—	GBPKZT	685,93	0,02	5,36	22,93
—	USDKZT	516,16	0,22	1,83	10,74
—	EURKZT	584,86	0,01	7,14	18,10
—	CNYKZT	70,99	0,45	1,91	5,69
—	RUBKZT	6,25	0,16	6,41	-1,87

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	5 686,67	2,9	0,3	12,3	2,9
Dow Jones	41 317,43	3,0	-2,2	8,1	2,9
PTC	1 096,56	-4,3	0,6	-6,9	
MMBB	2 836,70	-5,6	-3,1	-17,6	
Hang Seng	22 504,68	2,4	-3,0	23,6	1,9
SS CSI 300	3 770,57	-0,4	-2,9	4,6	-0,4
Euro Stoxx 50	5 285,19	2,5	-0,4	8,1	2,5
FTSEuroFirst	5 782,00	2,4	-1,2	7,5	2,4
FTSE 100	8 596,35	2,2	-0,1	5,2	2,2
KASE	5 640,44	-0,2	-1,0	11,4	

Шикізат нарығы

02.05.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	61,29	-8,3	-18,2	-26,7
Мұнай (WTI)	58,29	-7,5	-18,7	-26,2
Табиғи газ	3,63	23,6	-10,5	78,4
Мыс	462,75	-4,4	-8,2	3,0
Темір	761,50	-0,3	-5,8	-14,2
Алтын	3 240,49	-2,4	3,4	40,9
Күміс	31,99	-3,1	-7,7	20,3
Астық	526,50	-0,7	-2,4	-10,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

		Валюта	Болжам	Алдыңғы
05.05	Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (сәуір)	USD	51,4	54,4
05.05	ISM ұсынған АҚШ-тың өндірістік емес сатып алу менеджерлерінің индексі (сәуір)	USD	50,2	50,8
07.05	ФРЖ бойынша пайыздық мөлшерлеме туралы шешім	USD	4,50 %	4,50 %
07.05	FOMC баспасөз конференциясы	USD		
08.05	Пайыздық мөлшерлеме туралы шешім (мамыр)	GBP	4,25 %	4,50 %
08.05	Англия банкінің инфляция жөніндегі хаты	GBP		
08.05	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген бастапқы өтінімдер саны	USD	232K	241K

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

B – миллиард
M – миллион
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	10,0%	01.04.25	9,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	50,1	01.04.25	47,9
Ақша базасы, млрд KZT	13 787,2	01.04.25	13 662,6
Ақша масса, млрд KZT	44 753,0	01.04.25	44 674,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.11.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдаулардың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.